«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

17.09.2018 ж. № 02-09/2087

«Marketing Cloud» ЖК-не
Астана қ-сы, Тәуелсіздік көшесі №34,
кеңсе Копенгаген, тел 87051958585.
E-mail: raizeup57@gmail.com.

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 28.08.2018 жылғы №21434 *(веб-порталмен келіп түскен)* санды арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 30-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу Қағидасының 4,5-тармақтарына сәйкес, «Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» Мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* № 2664980-1 санды «№2726696-1 санды «Ақпараттық материалдарды дайындау және басып шығару бойынша бойынша қызмет көрсетулер» сатып алу жөнінде өткізілген мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде, Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер өз дәлелін ішінара тапты.

«Marketing Cloud» ЖК-нің конкурстық өтінімі бойынша конкурстық комиссия мүшелері тарапынан конкурстың қортындысы туралы хаттамасынада көрсетілген яғни, іскерлік журнал ол интернет ресурс болып табылмайды делінген себептермен жіберілмеуі негізсіз болып табылады.

Департамент тарапынан, камералдық тексерумен келесідей заң бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының *(бұдан әрі - Қағида)* 85-1 тармағында *тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін* қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабы 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 150-тармағының 1-тармақшасында әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа жіберілмейді деп нақты көрсетілген.

Сәйкесінше, Қағиданының конкурсттық құжаттамасының 6-қосымшасының 4-тармағында әлеуетті өнім беруші растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, осы конкурс (лот) бойынша қызметтерді көрсету мақсатында қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсетеді делінген.

Алайда, «Marketing Cloud» ЖК-нің конкурстық өтінімін тексеру барысында, қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер туралы мәліметтер конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасының 4-тармағында көрсетілмегені анықталды.

Сонымен қатар, «NG trading» ЖШС-мен Аль-Фараби Partners» ЖШС-нің конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес ұсынылған біліктілік туралы мәліметінде қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер толық көрсетілмегені анықталды.

Анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде, Департамент тарапынан ұйымдастырушының мекен жайына хабаралама жолданылды.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.